

Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерін бейбіт уақытта пайдалану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 256 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 457 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.06.2015 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Азаматтық қорғаныс туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерін бейбіт уақытта пайдалану ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 17 наурыздағы
N 256 қаулысымен
бекітілген

Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерін бейбіт уақытта пайдалану ЕРЕЖЕСІ

1. Осы Ереже Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерін бейбіт уақытта төтенше жағдайлардың қаупі төнген және туындаған кезде республиканың халқын, шаруашылық жүргізу объектілерін және аумақтарын қорғауда пайдалану, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасы тиісті келісімдер жасасқан шет мемлекеттердің аумақтарында төтенше жағдайлар болған кезде құтқару жұмыстарына қатысу тәртібін белгілейді.

2. Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерін бейбіт уақытта пайдалану Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерін:

1) құтқару жұмыстарын жүргізуге жеке құрамды жан-жақты дайындау мен аттестаттауды ұйымдастыру;

2) іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу және зардап шеккен халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге жан-жақты көмек көрсету;

3) төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған іс-шараларға қатысу;
4) Қазақстан Республикасы тиісті келісімдер жасасқан шет мемлекеттердің аумақтарында төтенше жағдайлар болған кезде құтқару жұмыстарына қатысу;

5) ізгілік көмек ретінде төтенше жағдайлар аймақтарына әкелінетін жүктерді бірге алып жүру және күзету;

б) жұмылдыруды өрістетуге дайындық және жауынгерлік даярлықтың жоғары дәрежесіне келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

7) бейбіт және соғыс уақытында Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерін өрістетуге және құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге арналған қару-жарақты, техниканы, басқа да материалдық-техникалық құралдарды жинақтау, сақтау және дер кезінде жаңартып отыру үшін тарту болып табылады.

3. Құтқару жұмыстарын жүргізуге жеке құрамды жан-жақты дайындау мен аттестаттауды ұйымдастыру, жұмылдыруды өрістетуге дайындық және жауынгерлік даярлықтың жоғары дәрежесіне келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, бейбіт уақытта Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерін өрістетуге және құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге арналған қару-жарақты, техниканы, басқа да материалдық-техникалық құралдарды жинақтау, сақтау және дер кезінде жаңартып отыру жөніндегі міндеттерді орындауды табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органы басшысының бұйрықтары және жауынгерлік даярлық жоспарлары негізінде Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері тұрақты жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

4. Іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу, зардап шеккен халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге жан-жақты көмек көрсету барысында Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері:

1) төтенше жағдайлар аймақтарынан және құтқару жұмыстарын жүргізу объектілерінен зардап шеккендерді іздестіруді;

2) зардап шеккендерді қоршаудан шығаруды және оларды қоршау орнынан көшіруді;

3) зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуді;

4) зардап шеккен халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуді ұйымдастыруды;

5) төтенше жағдайлар аймақтарынан көшірілген, зардап шеккен халыққа (болуы ықтимал босқындарға) лагерьлер құруды;

б) арнайы және қосымша жұмыстарды орындауды: үйінділерде өтетін жолдарды (өткелдерді) салу; коммуналдық-энергетикалық жүйелердегі аварияларды оқшаулау; ғимараттар құрастырмаларын және құлағалы тұрған

міндеттердің орындау үшін тартылатын күштер мен құралдардың санын және оларды орындау тәртібін анықтайды, төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған іс-шараларды орындау кезіндегі күн тәртібін белгілейді.

10. Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің құтқару жұмыстарын жүргізу кезіндегі жұмыс режимін және жұмыс уақытының ұзақтығын төтенше жағдайларды жою басшысы оның сипаты мен жұмыстардың жүргізілу ерекшеліктерін ескере отырып белгілейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК